ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

ӘОЖ 37.013.42; МҒТАР 14.33.05
https://doi.org/10.47526/3107-3123.414

М.Т. МЫРЗАПЕЙСОВА[1]✉, Қ.Т. АТЕМОВА[1], М.Д. МУРЗАГУЛОВА[2]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
✉e-mail: mirza_17.08.83@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ОРЫН АЛУ ЖИІЛІГІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада жасөспірімдер арасында буллингтің таралу деңгейі мен түрлері талданып, оның әлеуметтік-педагогикалық алдын алу жолдары қарастырылады. Зерттеу барысында Д. Олвеустің Revised Olweus Bully/Victim Questionnaire (OBVQ-R) сауалнамасының бейімделген нұсқасы қолданылып, осы сауалнама негізінде 13–17 жас аралығындағы мектеп оқушыларынан алынған жауаптар бойынша деректер жиналды. Сауалнама нәтижелерінен буллингтің жиілігі, кездесетін қысымның түрлері мен формалары анықталып, буллингкке қатысушылардың рөлдері және олардың буллингке деген көзқарастары мен ерекшеліктері талданды. Жасөспірімдердің буллингтік қарым-қатынасына сипаттамалық және салыстырмалы талдау жасалып, жүйелеу, сараптау әдістері арқылы өңделді, нәтижелері кестелермен, диаграммалармен көрсетіліп, сандық көрсеткіштермен интерпретацияланды. Нәтижелер бойынша вербалды және әлеуметтік буллинг түрлерінің басым екені, сондай-ақ кибербуллингтің әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жиі жүзеге асатыны анықталды. Буллинг көбіне сынып ішінде және үзіліс уақытында орын алып, ересектер тарапынан бақылау жеткіліксіз аймақтарда байқалды. Тұжырым ретінде буллингтің алдын алуда көпдеңгейлі және кешенді тәсілдің, соның ішінде мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы тиімді өзара әрекеттестіктің маңыздылығы анықталды. Мақала соңында сауалнама қорытындыларына сүйене отырып, буллингті әлеуметтік-педагогикалық алдын алуға бағытталған ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: жасөспірімдер, буллинг, қарым-қатынас, орын алу жиілігі, формалары, алдын алу.

Кіріспе

Буллинг – білім беру кеңістігінде балалар мен жасөспірімдерге кері әсер ететін өзекті әлеуметтік мәселе. Бұл құбылыс физикалық, вербалды және әлеуметтік зорлық-зомбылық түрінде көрініс табады. Зерттеулер көрсеткендей, буллингтің салдары өскелең ұрпақтың психикалық денсаулығына (мазасыздық, депрессия, өзін-өзі төмен бағалау, суицидалды ойлар) және оқу үлгеріміне теріс әсер етеді. Бүгінге дейін балалар арасындағы буллингті анықтау және оның алдын алу мақсатында түрлі диагностикалық құралдар қолданылып келеді. Солардың бірі – норвегиялық психолог Д. Олвеус әзірлеген Olweus Bullying

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Мырзапейсова М.Т., Атемова Қ.Т., Мурзагулова М.Д. Жасөспірімдер арасындағы буллингтік қарым-қатынастың орын алу жиілігі мен формалары // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №3 (141). – Б. 157-168. https://doi.org/10.47526/3107-3123.414
Cite us correctly:
Myrzapejsova M.T., Atemova K.T., Murzagulova M.D. Zhasospirimder arasyndagy bullingtik qarym qatynastyn oryn alu zhiiligi men formalary [Frequency and Forms of Bullying Interactions Among Adolescents] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №3 (141). – B. 157-168. https://doi.org/10.47526/3107-3123.414

Мақаланың редакцияға түскен күні 15.09.2025 / қабылданған күні 30.09.2026

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

Questionnaire сауалнамасы, ол буллингтің жиілігін, түрлерін және қатысушылардың рөлін анықтауға бағытталған. Бұл сауалнама халықаралық деңгейде кеңінен қолданылады және интервенциялық бағдарламаларды әзірлеуде маңызды дереккөз болып табылады. Осы себепті мақаламызда Д. Олвеустің «Revised Olweus Bully/Victim Questionnaire» (OBVQ-R) сауалнамасының негізінде бейімделіп жасалған нұсқасы қолданылды. Бұл сауалнама оқушылар арасында буллингтің таралу жиілігін, түрлерін (физикалық, вербалды, әлеуметтік, кибербуллинг) және оған қатысушылардың рөлдерін (буллер, құрбан, бақылаушы) анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу мақсаты – буллингтің таралу деңгейін, ерекшеліктерін анықтап, тиімді алдын алу жолдарын ұсыну. Алынған нәтижелер буллингті тереңірек түсінуге және білім беру ұйымдарында қауіпсіз ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиетке шолу. Елімізде балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг құбылысының жиілеп кетуі баршаға белгілі. Осы тұста бірқатар ғалымдар бұл мәселе аясында зерттеулер жүргізіп, буллингтің алдын алуға атсалысып келеді. Солардың қатарында М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова және т.б. зерттеуші ғалымдардың пікірінше «Буллинг пен кибербуллинг дегеніміз – адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі»-деп анықтама береді. Сонымен қатар, ғалымдар буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша ұлттық деңгейде кешенді стратегиялар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ақпараттандыру шаралары мен құрбандарды қолдау қызметтерін жүйелі түрде дамыту қажеттігін алға тартады [1]. Өйткені, мұндай кешенді тәсіл мектептерде қауіпсіз әрі қолдау көрсететін ортаны қалыптастыруға негіз болады. Осы тұрғыда, А.Ж. Баймұханова өз зерттеуінде буллингтің алдын алуға бағытталған бағдарламалардың ішінде әлемдік деңгейде кең таралғандарының бірі ретінде норвегиялық ғалым Д. Олвеустің қорқытудың алдын алу бағдарламасын ерекше атап өтеді [2]. Бұл ретте норвегиялық ғалым Д. Олвеус буллинг ұғымына алғаш болып ғылыми негізделген анықтама берген зерттеуші ретінде танылған. Оның 1993 жылғы «Bullying at School: What We Know and What We Can Do» атты еңбегінде «Буллинг – бұл бір немесе бірнеше адамның басқа адамға әдейі, қайталанып және ұзақ уақыт бойы зиян келтіруі немесе оған теріс әрекет жасауы. Мұндай жағдайда көбінесе күш пен мүмкіндіктер арасында теңсіздік болады: бір тарап әлсіз, ал екінші тарап басымдыққа ие» - деп анықтама береді [3]. Олвеустің бұл анықтамасы буллингті ғылыми тұрғыда қарастырудың іргетасы болып, бүгінде классикалық тұжырым ретінде кеңінен қолданылады. Буллингтің құрылымы мен мазмұнын тереңірек түсіну мақсатында көптеген зерттеушілер Олвеус әзірлеген сауалнаманы қолданады. Мәселен, Rigby пікірінше, Олвеус сауалнамасын қолданған зерттеулер буллингтің физикалық**,** вербалды және әлеуметтік түрлерінің жиі байқалатынын дәлелдейді**.** Бұл буллингтің көпқырлы табиғатын ашып, оның әртүрлі формада көрініс табатынын байқауға болады [4]. Мысалы, Smith және әріптестері жүргізген іргелі зерттеулері нәтижесінде жасөспірімдер арасында ең жиі кездесетін түрі – вербалды буллинг екені анықталған. Бұл қорытынды буллинг құбылысының біржақты емес, көпқырлы сипатта екенін көрсетеді. Осыған орай, зерттеушілер буллингтің көрініс формаларын нақтылап, оны бірнеше негізгі түрге жіктейді:

- Физикалық буллинг;
- Вербалды буллинг;
- Әлеуметтік (реляциялық) буллинг;
- Кибербуллинг.

Физикалық буллинг – буллингтің ең айқын әрі көзге көрінетін түрі. Бұл туралы Smith және әріптестері өз еңбектерінде ұру, итеру, заттарды тартып алу сияқты тікелей физикалық күш қолдану арқылы көрініс табатын агрессия әрекеттерін атап көрсетеді [5]. Мұндай әрекеттер құрбан рөліндегі баланың дене жарақатын алуына ғана емес, сонымен қатар оның психологиялық саулығына да зиян келтіреді. Атап айтқанда, физикалық буллинг қорқыныш, тұрақты үрей сезімін қалыптастырады және баланың мектепке барудан бас тартуына әкелуі

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

мүмкін. Сонымен қатар, психосоматикалық бұзылыстардың туындауына да себеп болады. Әсіресе бұл түрі мектеп жасындағы ер балалар арасында жиі кездесетін буллинг формаларының бірі болып саналады.

Вербалды буллинг – сөз арқылы көрсетілетін агрессияның бір түрі. Бұл туралы Boulton және Smith қорлау, келемеждеу, мазақ ету, қорқыту сияқты әрекеттерді вербалды буллингке жатқызады [6]. Мұндай агрессияның ерекшелігі – ол физикалық жарақаттау ізін қалдырмайды, алайда құрбанның психологиялық саулығына айтарлықтай зиян келтіреді. Вербалды буллингке ұшыраған жасөспірімдерде өзін-өзі бағалау төмендеп, ішкі күйзеліс, мазасыздық және депрессиялық көңіл-күй жиі байқалады. Уақыт өте келе бұл жағдай олардың тұлғалық дамуына, өзіне деген сеніміне және әлеуметтік қарым-қатынасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Әлеуметтік (реляциялық) буллинг – жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты бұзуға бағытталған жасырын агрессия түрі. Crick және Grotpeter бұл буллингке топтан шеттету, өсек тарату, достарынан әдейі оқшаулау сияқты әрекеттерді жатқызады [7]. Мұндай мінез-құлық құрбанның әлеуметтік ортадан алшақтап, жалғыздық сезімін бастан кешіруіне себеп болады. Әлеуметтік оқшаулану құрбанның психологиялық әл-ауқатына теріс әсер етіп, сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, әлеуметтік фобия сияқты мәселелердің туындауына ықпал етуі мүмкін. Бұл буллинг түрі, әсіресе жасөспірім қыздар арасында жиі кездесетін реляциялық агрессияның көрінісі ретінде жиі кездеседі.

Кибербуллинг – заманауи цифрлық технологиялар мен интернет платформалары арқылы жүзеге асатын агрессияның жаңа формасы. Hinduja және Patchin зерттеулерінде кибербуллинг әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде немесе басқа да цифрлық арналарда қорқыту, мазақтау, ар-намысқа тию, жалған ақпарат тарату, сондай-ақ жеке мәліметтерді жариялау арқылы көрініс табатыны атап өтілген [8]. Бұл буллинг түрінің ерекшелігі – оның интернет кеңістігінде уақыт пен кеңістік шектеуінсіз тәулік бойы жалғасуында және кең аудиторияға тез таралу мүмкіндігінде. Кибербуллинг құрбанға үнемі бақылауда жүргендей әсер қалдырып, оның психологиялық қауіпсіздігіне айтарлықтай нұқсан келтіреді.

Сонымен қатар, буллингке ұшырау немесе агрессор болу тәуекелін арттыратын маңызды факторлардың бірі – отбасылық қатынастардағы проблемалар**.** Бұл тұрғыда Olweus ата-ана тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, эмоционалдық суықтық, ата-ананың немқұрайлы қарым-қатынасы балалардың агрессиялық мінез-құлқын қалыптастыруға немесе керісінше, қорғансыз күйге түсуіне ықпал ететінін көрсетеді. Мұндай жағдайлар жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіріп, оның буллинг жағдайларында қатысушы рөлін иеленуіне себеп болуы мүмкін. Бұл құбылыстың пайда болуына ықпал ететін негізгі факторларды үш деңгейде қарастыруға болады:

- жеке факторлар – жәбірленуші мен агрессордың тұлғалық ерекшеліктері, мысалы, өзін-өзі бағалау деңгейі, агрессиялық бейімділік, әлеуметтік дағдылардың төмендігі.
- әлеуметтік факторлар – құрдастар тобының қысымы, мектептегі қалыптасқан бейресми нормалар, ұжым ішіндегі қатынастардың сипаты.
- мәдени факторлар – қоғамдағы қатынас мәдениеті, тәрбие стилі, зорлық-зомбылықты қабылдау деңгейі және әлеуметтік теңсіздік [9].

Осы факторлар өзара байланыста әрекет етіп, буллингтің пайда болуы мен оның таралуына жағдай жасайды. Сондықтан буллингтің алдын алу шаралары да көпдеңгейлі тәсілді талап етеді. Бұл тұрғыда буллингтің пайда болу себептерін ғана емес, оған қатысушылардың мінез-құлықтық рөлдерін анықтау да тиімді алдын алу стратегияларын құруда маңызды орын алады.

OBVQ-R сауалнамасының басты ерекшелігі – ол тек буллингтің түрлері мен жиілігін ғана емес, қатысушылардың рөлдерін де анықтайды. Бұл сауалнамада оқушылар өз тәжірибесіне қарай буллер, құрбан, бақылаушы сияқты рөлдердің қайсысына жиі түсетінін белгілейді. Д. Олвеус рөлдерді бастапқыда 3 негізгі топқа бөлген:

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

1. Буллер (Bully) – агрессор
2. Victim – құрбан
3. Bystander – куәгер (кейде қорғаушы және қолпаштаушы ретінде жүреді) [10].

Осы рөлдік жіктеу зерттеуде алынған деректерді жүйелі талдауға және әр қатысушының мінез-құлық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті бұл зерттеу барысында Д. Олвеус әзірлеген сауалнаманың бейімделген нұсқасы негізгі диагностикалық құрал ретінде қолданылды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жасөспірім оқушылар арасында жүргізілді, яғни 13–17 жас аралығындағы жалпы білім беретін мектептердің 7–11-сынып оқушылары зерттеу нысаны ретінде алынды. Зерттеу сараланған аралас әдістер (mixed methods) тәсілі негізінде ұйымдастырылып, сандық деректер үйлестірілді. Негізгі деректерді жинау құралы ретінде Д. Олвеус әзірлеген Revised Olweus Bully/Victim Questionnaire (OBVQ-R) сауалнамасының бейімделген нұсқасы қолданылды. Бұл сауалнама жасөспірімдердің буллингке қатысу жиілігін, оның түрлерін (физикалық, вербалды, әлеуметтік, кибербуллинг) және рөлдік позицияларын (буллер, құрбан, бақылаушы және олардың туынды рөлдері) анықтауға бағытталған еді.

Талдау мен нәтижелер

Сауаланамаға қатысушы 153 оқушыдан (оның ішінде қыз балалар саны 106 оқушы, ал ұл балалар саны – 47 оқушы) буллингтің таралу формаларын анықтау мақсатында «Саған мектепте әлімжеттік, күш көрсету қалай жасалады?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың жиілігі мен пайыздық үлесі 1-кестеде берілген.

1-кесте – Мектепте буллинг қалай жасалады?

Жауап нұсқасы	Саны (n)	%
Лақап ат/мазақ/ренжіту	32	20.9
Әдейі аулақ болу/топтан шығару	28	18.3
Ұрып, итеру, қамау	18	11.8
Өтірік/өсек тарату	26	17.0
Ақша/зат алу/бұзу	19	12.4
Мәжбүрлеу (қорқыту арқылы)	17	11.1
Ұлты/түсіне қатысты қорлау	29	19.0
Жыныстық сипаттағы қорлау	19	12.4


Ескерту: n – респонденттер саны, % – барлық қатысушыларға қатысты үлесі.

1-кесте деректерінен көріп тұрғанымыздай, оқушылар арасында буллингтің ең жиі таралған түрі – вербалды агрессия (мазақ ету, ұнамсыз лақап ат қою, ренжіту). Булингтің бұл түрін 153 оқушының 32-сі өз тәжірибесінде кездесетінін көрсеткен. Екінші орында – ұлтына немесе түсіне байланысты қорлау, бұл түрге 29 оқушы тап болған. Ал әлеуметтік оқшаулау (әдейі араластырмау, топтан шығару) 28 оқушының басынан өткен. Өтірік немесе өсек тарату фактісі де жиі кездеседі – мұндай жағымсыз әрекетті 26 оқушы атап өткен. Булингтің физикалық күш көрсету түрін (ұрып, итеру, қамау) 18 оқушыны атаса, материалдық зиян келтіру (ақша немесе затты тартып алу, бүлдіру) 19 оқушының басынан өткен.

Барлық буллинг түрлері бойынша ең көп таралған жауап – «Мұндай ештеңе болған жоқ». Яғни, респонденттердің басым бөлігі (шамамен 130–140 оқушы) өздеріне қатысты бұл әрекеттердің мүлде болмағанын мәлімдеген (1-диаграмма). Бұл буллингтің жүйелі сипатта емес, жекелеген және сирек орын алатынын көрсетеді. Алайда, кейбір оқушылар «Бұл соңғы айларда болды» немесе «Бір рет немесе екі рет» деген жауапты белгілеген. Бұл буллингтің оқушылар арасында кездесетінін, бірақ оның жиілігі әртүрлі болатынын айғақтайды.

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

Мәселен, лақап ат қою, әлеуметтік оқшаулау, өсек тарату сияқты әрекеттерге қатысты сирек болса да, айына 2–3 рет немесе аптасына бір рет қайталанған фактілер тіркелген. «Аптасына бірнеше рет» деген жауаптардың да кездесуі – буллингтің кейбір оқушылар үшін тұрақты және қайталанатын құбылысқа айналғанын білдіреді. Бұл топтағы оқушылар ерекше назарды талап етеді, себебі мұндай жағдайлар ұзақ мерзімді психологиялық әсерге әкелуі мүмкін.



1-диаграмма – Мектептегі буллингтің жасалу түрлері бойынша оқушылардың жауаптары. *Көрсеткіштер 153 респонденттің жауабына негізделген.*

Кибербуллингтің ауқымын нақтылау мақсатында респонденттерден соңғы айлар ішінде интернетте, әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде (WhatsApp және т.б.) буллингке ұшырау жиілігіне қатысты сұрақ қойылды. Бұл сұрақ кибербуллингтің таралу ауқымын және оның қайталану жиілігін бағалауға бағытталды (2-кесте).

2-кесте – Кибербуллингтің жүзеге асу арналары және олардың қайталану жиілігі

Арна түрі	Оқушы саны	%	Кибербуллинг қайталану жиілігі
Мессенджерлер (WhatsApp, Telegram және т.б.)	25	16.3	25 (16.3%)
Әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok және т.б.)	30	19.6	30 (19.6%)
Аралас әдістер (бірнеше платформада)	15	9.8	15 (9.8%)
Ойын платформалары және онлайн чаттар	10	6.5	10 (6.5%)
Электрондық пошта арқылы	5	3.3	5 (3.3%)

Кесте деректері бойынша кибербуллинг ең жиі әлеуметтік желілерді 30 оқушы атаса, мессенджерлерді 25 оқушы атап көрсеткен. «Аралас жолдармен»-деп бірнеше платформада бір мезгілде болатынын 15 оқушы атап көрсеткен. Ойын платформалары/онлайн чаттар арқылы – 10 оқушы, электрондық пошта арқылы – 5 оқушы, ал басқа цифрлық арналарды – 3 оқушы атаған. Жиілік тұрғысынан алғанда, респонденттердің көпшілігі мұндай жағдайлардың сирек немесе бір реттік сипатта болғанын көрсетті. Алайда, кейбір оқушылар айына 2–3 рет немесе аптасына бір не бірнеше рет буллингке ұшырағандарын растаған. Бұл –

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

кибербуллингтің оқушы өміріне үнемі әсер ететін тұрақты құбылысқа айналып келе жатқанын көрсетеді. Мұндай жағдайлар мектеп қауымдастығының (мұғалімдер, ата-аналар, психологтар) цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудағы рөлін күшейту қажеттігін алға тартады. Сонымен қатар, оқушылардың интернеттегі өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін дамыту, цифрлық этика мен онлайн қарым-қатынас нормаларын үйрету – алдын алу шараларының маңызды бөлігі болуы тиіс.

Кімдер күш көрсетті?- деген сұраққа берілген жауаптар буллингтің негізгі бөлігі өз сыныбы ішінде туындайтынын аңғартады: 153 оқушының «менің сыныбымдағы оқушылар» – деп 8 оқушы атап көрсетсе**,** «жоғары сынып оқушылары» **–** 7 оқушы**,** «параллель сыныптан» деп 2 оқушы. Сонымен қатар, 2 оқушы кейбір кездерде «әртүрлі сыныптар» және «бастауыш сынып» оқушылары- деп көрсеткен. Айтарлықтай үлес 72,5% «мені қорқытқан жоқ» деп көрсеткен, .бұл көпшілік үшін тікелей ұшыраудың болмағанын білдіреді.. Сонымен 111 оқушы «Мені қорқытқан жоқ» деп жауап берген. Бұл көпшілік респонденттердің буллингке тікелей ұшырамағанын көрсетеді. Күш көрсету ұзақтығы бойынша: 115 оқушы соңғы уақытта буллингке мүлде ұшырамағанын айтқан. Ал, 6 оқушы мұндай жағдайдың 1–2 апта болғанын көрсеткен. Келесі 3 оқушы шамамен 6 ай бойы буллинг көргенін мәлімдеген болса, 5 оқушы бұл жағдай шамамен 1 жыл жалғасқанын айтқан. Алайда, 1 оқушы бірнеше жыл бойы буллингке ұшырағанын көрсеткен. Бұл көрсеткіштері буллингтің көбіне бір сынып аясында**,** шағын топтар немесе жекелеген оқушылар тарапынан іске асатынын, ал жыныстық құрамы аралас болуы мүмкін екенін көрсетеді. Көпшілік үшін экспозиция тіркелмегенімен, ұзаққа созылатын кейбір жағдайлар кездеседі, бұл ерте хабарлау арналарын (досқа айту, ересекке жүгіну) және нысаналы алдын алу жұмысын күшейту қажеттігін айқындайды. Келесі сұрақ бойынша респонденттерден буллинг әрекеттерінің мектеп аумағында немесе оған жақын жерлерде нақты қай жерде орын алғанын көрсету сұралды. Бұл сұрақ қауіп төнетін аймақтарды анықтап, алдын алу шараларын жоспарлауға мүмкіндік береді (3-кесте).

3-кесте – Күш көрсету орындары

Жауап нұсқасы	Оқушы саны	%
Ойын/спорт алаңында (үзілісте)	12	7.8%
Дәліз/баспалдақ	1	0.7%
Сыныпта (мұғаліммен қатысуымен)	9	5.9%
Дәретханада	5	3.3%
Спортзал/киім ауыстыру/душ	3	2.0%
Асханада	1	0.7%
Мектепке/кері қайтарарда	2	1.3%
Мектеп аялдамасы	0	0.0%
Мектепте басқа жерде	15	9.8%
Мұндай жағдай болған жоқ	105	68.6%


Буллингтің жиі тіркелетін орындарына талдау жасағанда, мектептің басқа кеңістіктерінде – 15 оқушыда, ойын немесе спорт алаңында – 12 оқушыда, сынып ішінде **–** 9 оқушыда болғаны анықталды. Бұдан бөлек, дәретханада – 5 оқушы, спортзал немесе киім ауыстыратын бөлмеде – 3 оқушы, ал мектепке бару немесе қайту жолында – 2 оқушы буллингке ұшырағанын көрсеткен. Дәліз бен асхана сияқты ортақ кеңістіктерде буллинг әрқайсысы 1 оқушының тәжірибесінде кездескен. Ал, мектеп аялдамасында немесе оған ұқсас сыртқы орындарда ешбір оқушы буллингті бастан өткермеген. Оқушылардың басым бөлігі – 105 оқушы мұндай жағдайға тап болмағанын мәлімдеген. Бұл деректер буллингтің, көбіне, үзіліс уақытында және мұғалімдердің немесе ересек қызметкерлердің тікелей бақылауы әлсіз аймақтарда орын алатынын көрсетеді. Сондықтан буллингтің алдын алуға

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

бағытталған стратегияда қауіп аймақтарын нақтылап картаға түсіру, осы жерлерде ересек адамның тұрақты қатысуын қамтамасыз ету**,** бейресми бақылау шараларын енгізу маңызды болып тұр.

Сізге күш көрсетілгені туралы басқаларға айттыңыз ба? – деген сұрақ нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі, яғни 133 оқушы буллинг жағдайына тап болмағанын көрсеткен. Ал буллингке ұшырағандардың ішінде 6 оқушы бұл туралы айтқанын, 14 оқушы ешкімге хабарламағанын көрсеткен. Сізге күш көрсеткені туралы айта алатын адамды белгілеңіз деген сұрақтың нәтижесінде буллинг фактісін көбіне достарына – 17 оқушы, сынып жетекшісіне – 7 оқушы, ата-анасына – 6 оқушы хабарлаған. Сонымен қатар мектептегі басқа ересектерге және аға-әпкелеріне жүгінгендер саны өте аз – әрқайсысы 2 оқушыдан. Бұл деректер оқушылардың ересектерге жүгіну деңгейі айтарлықтай төмен екенін көрсетеді. Сондықтан мектепте оқушылар мен ересектер арасындағы сенімді қарым-қатынас арналарын дамыту, психологиялық қолжетімділікті арттыру және оқушылардың өзін қауіпсіз сезінуін қамтамасыз ету маңызды.

Сонымен қатар, оқушылардан екі мәселе бойынша пікір алу көзделді: біріншіден, отбасының буллинг жағдайында әрекет ету жиілігі, екіншіден, оқушының ата-анасына хабарлап, олардың мектеппен байланысуы. Бұл көрсеткіштер отбасылық қолдаудың деңгейін және ата-ананың мектеппен серіктестік орнатудағы белсенділігін бағалауға мүмкіндік береді (2-диаграмма).



2-диаграмма – Отбасының буллингке реакциясы және оқушының ата-анаға хабарлауы. *Көрсеткіштер 153 респонденттің жауабына негізделген.*

Диаграмма деректеріне сүйенсек, оқушылардың айтарлықтай бөлігі отбасының буллинг жағдайында ешқашан араласпайтынын 58 оқушы атаса, ал, ата-ананың мектеппен мүлдем байланыспайды деп 47 оқушы атап өткен. Сонымен бірге, әрқашан немесе жиі араласатын ата-аналар үлесі де бар, оны 46 оқушы атаған. Яғни, бұл нәтижелер оқушылардың бір бөлігі үшін отбасынан тұрақты қолдаудың болмауы, ал кейбірінде ата-ананың мектеппен серіктестігі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сондықтан алдын алу және араласу стратегияларында ата-аналарға арналған ақпараттық жұмыс пен мектеп-отбасы байланысын нығайтуға басымдық беру қажет.

Келесі сұрақ бойынша респонденттердің сынып жетекшісінің буллинг және күш көрсету жағдайларына қарсы қандай деңгейде әрекет еткенін бағалауға бағытталды. Мақсат – сынып жетекшісінің араласу белсенділігін анықтау және буллингке қарсы іс-шаралардағы рөлін айқындау (3-диаграмма).

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

Диаграмма деректері көрсеткендей, оқушылардың едәуір бөлігі екі жақты пікір білдірген: 56 оқушы «өте аз немесе мүлдем жоқ» деп бағаласа, тағы 56 оқушы «көптеген» деп жауап берген. 23 оқушы бұл туралы «біраз» деген баға берсе, 12 оқушы «азғана», ал 6 оқушы «өте кішкентай» деп көрсеткен. Бұл нәтижелер сынып жетекшілерінің буллингке қарсы іс-әрекетінің біркелкі еместігін көрсетеді. Яғни, кейбір сыныптарда бұл мәселе бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсе, басқа жағдайларда мұғалімнің белсенді араласуы жеткіліксіз болып отырғаны байқалады. Осыған байланысты, буллингтің алдын алуда сынып жетекшісінің рөлін күшейтіп, барлық педагогтер үшін бірыңғай әдістемелік ұстанымдар мен дайындықты қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Сауалнаманың 18–20-сұрақтары бойынша оқушылардың буллингке қатысты көзқарасы, өздерінің қатысу деңгейі және агрессиялық мінез-құлық формалары қарастырылды. «Оны аядым және көмектескім келді» деген жауап 85 оқушыдан түсіп, ең жиі кездесетін реакция болды. Бұл оқушылар арасында жанашырлық пен эмоционалдық сезімдердің жеткілікті деңгейде дамығанын көрсетеді. Сонымен қатар, 19 оқушы «аздап аядым» десе, 7 оқушы «ол лайық еді» деген пікір білдірген. Дегенмен, 36 оқушы ештеңе сезінбегенін немесе бұл туралы ойламағанын айтқан. Бұл көрсеткіш кейбір оқушылардың буллингке бейтарап немесе селқос көзқараспен қарайтынын байқатады. Мұндай деректер мектептегі әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамыту қажеттілігін айғақтайды.



3-диаграмма – Сынып жетекшісінің буллингке қарсы әрекет ету деңгейі

Булингке өзіңіз қатыстыңыз ба? - деген сұрақ нәтижесі бойынша 136 оқушы ешқашан қатыспағанын мәлімдеген. Ал, 17 оқушы буллингке белгілі бір жиілікпен қатысқанын – яғни айына бірнеше рет немесе апта сайын орын алғанын растаған. Бұл мәліметтер буллингке белсенді араласушылар саны аз болғанымен, мұндай оқушылардың бар екендігіне назар аударуды талап етеді. Бұл дерек буллинг әрекеттеріне қатысушылар аз болғанымен, оларды ерте кезеңде анықтап, бағытталған түзету жұмыстарын жүргізу қажеттігін көрсетеді. Агрессиялық мінез-құлық формалары, әртүрлі буллинг түрлеріне қатысты жауаптар ішінде «соңғы айларда мұндай ештеңе болған жоқ» деген жауаптар басым. Алайда, «лақап ат қойып, мазақ еткен», «әдейі аулақ болуға итермелеу», «өсек тарату» сияқты формаларда кейбір оқушылар айына немесе аптасына қайталап отырғанын растаған. Мысалы: Лақап ат қою мен мазақтау – кей оқушылар тарапынан 2–3 рет орын алған, қорқыту және мәжбүрлеу – бірен-саран жағдайларда болса да, оқушы тарапынан белсенді көрініс тапқан; «Ақша талап ету», «жыныстық реңктегі келемеждер» сияқты ауыр формалар да толығымен болмаған деп айта алмаймыз, бұл өте сирек кездессе де, назар аударуға тұрарлық. Бұл нәтиже буллингтің жасырын, кейде қалыпты деп қабылданып кеткен әрекет түрлерінің (мысалы, вербалды

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

немесе әлеуметтік агрессия) мектепте әлі де бар екенін айғақтайды. Сондықтан профилактикалық жұмыстарда осы «жеңіл» формаларды да дер кезінде анықтап, балалардың бір-біріне қатыгездік танытуына жол бермейтін психологиялық климат қалыптастыру қажет.

Келесі диаграмма жасөспірімдердің буллингке қатысуға ішкі дайындығы немесе дайындығының жоқтығын бағалауға мүмкіндік береді (4-диаграмма).



4-диаграмма – Оқушылардың буллингке саналы түрде қосылу ықтималдығына қатысты көзқарастары

Оқушылардың буллингке саналы түрде қосылу ықтималдығы бойынша көзқарастары әртүрлі болған. Мысалы, 61 оқушы буллингті ешбір жағдайда қолдамайтынын көрсетіп, «Әрине жоқ» деген жауапты таңдаған. Бұл – олардың этикалық және адамгершілік ұстанымдарының берік екенін көрсетеді. Сонымен қатар, 42 оқушы «Жоқ» деп жауап берген. Олар буллингке қатысуды тікелей жоққа шығарғанымен, бұл жауаптан белгілі бір сенімсіздік байқалады. Ал, 13 оқушы «Бәлкім, жоқ» деп жауап беріп, нақты шешімге келмегенін және жағдайға байланысты әрекет етуі мүмкін екенін білдірген. Келесі, 15 оқушы «Мен білмеймін» деп жауап берген, бұл респонденттердің ішкі рефлексиясының жүріп жатқанын және нақты ұстанымның қалыптаспағанын көрсетеді, тағы 15 оқушы «Иә, болуы мүмкін» деп жауап беріп, кейбір жағдайларда буллингке қосылуы мүмкін екенін мойындаған. Ал, 7 оқушы «Иә» деп ашық көрсеткен. Бұл топқа ерекше назар аудару қажет, себебі олар буллингке бейімділік танытып отыр. Бұл мәліметтер оқушылардың көпшілігі буллингке қарсы ұстанымда екенін көрсетсе де, белгілі бір бөлігі әлі де шешімсіздік немесе бейімділік танытып отырғанын байқатады. Сондықтан оқушылар арасында моральдық ұстаным мен әлеуметтік жауапкершілік тақырыптарын тереңірек қарастыратын тәрбиелік жұмыстар жүргізу өзекті.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері жасөспірімдер арасында буллингтің кең таралған әлеуметтік-педагогикалық құбылыс екенін көрсетті. Зерттеуге қатысқан 153 оқушының ішінде қыз балалардың саны – 106, ал ұл балалардың саны – 47 болды. Бұл көрсеткіш сауалнама нәтижелерін талдауда маңызды рөл атқарады. Қатысушылардың басым бөлігін қыздар құрағандықтан, буллингтің немесе психоэмоционалдық күйзелістердің көрінісі де негізінен осы қыз балаларға тән сипатта. Сонымен қатар, ер балалардың да үлесі аз болғанымен, олардың көзқарасы мен тәжірибесі зерттеу жұмысымыз үшін маңызды ақпарат берді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері буллингтің алдын алу үшін көпдеңгейлі, жүйелі және тұлғалық-бағдарлы тәсілді қажет ететінін көрсетті. Буллингке қарсы іс-қимылда

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және психологтар тарапынан ортақ жауапкершілік пен белсенділік қажет. Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері мектеп ортасында буллинг мәселесінің бар екенін және оның түрлі формада көрініс табатынын дәлелдеді. Бұл құбылыстың алдын алу, ең алдымен, мектептің әлеуметтік-психологиялық климатын жақсартуға және барлық қатысушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты келесі ұсынылатын шаралар жүйесін ұсынамыз:

- қыз балалар арасында эмоциялық тұрақтылықты арттыруға, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға және өз-өзін бағалау деңгейін көтеруге бағытталған психологиялық тренингтер мен профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажет;
- ұл балалар үшін буллингтің агрессивті және жасырын түрлерін тану, эмоцияны дұрыс басқару, өзара сыйластықты дамыту тақырыптарына арналған арнайы семинарлар мен жаттығулар өткізу ұсынылады;
- буллинг көбіне ересектердің назары аз жерлерде (дәліз, дәретхана, аула, киім ауыстыратын бөлме) орын алатындықтан, сол аумақтарды үнемі бақылау және ондағы тәртіпті күшейту қажет;
- мектеп пен ата-аналар арасында үздіксіз байланыс орнату, буллингтің алдын алу жұмыстарына белсенділікті арттыру;.
- мектепте оқушыларға арналған сенім жәшігі, анонимді көмек арналарын енгізу, сондай-ақ кәсіби психологтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- педагогтерге буллингтің белгілерін тану, оны дұрыс бағалау және тиімді араласу бойынша әдістемелік көмек пен семинар-тренингтер ұйымдастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Сомжүрек Б.Ж. Түркістан облысындағы жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллингтің орын алу жағдайы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – Т. 144, №3. – Б. 47-55. https://doi org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-47-55
2. Жуматова Г., Байжуманова Н., Чаусова Т. Буллинг және кибербуллинг – әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы. – 2023. – №2 (82). – Б. 5-13. https://doi.org/10.51889/2959-6270.2023.82.2.001
3. Gredler G.R. Olweus D. (1993). Bullying at school: What we know and what we can do. – Malden, MA: Blackwell Publishing, 1993. – 140 p.: book review // Psychology in the Schools. – 2003. – Т. 40. – №6. – P. 699-700. https://doi.org/10.1002/pits.10114
4. Rigby K. New perspectives on bullying. – London; Philadelphia, PA: Jessica Kingsley Publishers, 2002. – 320 p.
5. Smith P.K. et al. An investigation into cyberbullying, its forms, awareness and impact, and the relationship between age and gender in cyberbullying // Research Brief No. RBX03-06. London: DfES. – 2006.
6. Boulton M.J., Smith P.K. Bully/victim problems in middle-school children: Stability, self-perceived competence, peer perceptions and peer acceptance // British journal of developmental psychology. – 1994. – Т. 12, №3. – P. 315-329.
7. Crick N.R., Grotpeter J.K. Relational aggression, gender, and social-psychological adjustment // Child development. – 1995. – Т. 66, №3. – P. 710-722.
8. Hinduja S., Patchin J.W. Cyberbullying: An exploratory analysis of factors related to offending and victimization // Deviant behavior. – 2008. – Т. 29, №2. – P. 129-156.
9. Swearer S.M. et al. What can be done about school bullying? Linking research to educational practice // Educational researcher. – 2010. – Т. 39, №1. – P. 38-47.
10. Jimerson S.R., Swearer S.M., Espelage D.L. International scholarship advances science and practice addressing bullying in schools // In: Handbook of bullying in schools. – Routledge, 2009. – P. 1-6.

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

REFERENCES

1. Asylbekova M.P., Atemova K.T., Somzhurek B.Zh. Turkistan oblysyndagy zhasospirimder arasynda bulling zhane kiberbullingtin oryn alu zhagdaiy [The state of bullying and cyberbullying among youth in Turkestan region] // L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy. Pedagogika. Psihologia. Sociologia seriasy. – 2023. – T. 144. – No. 3. – B. 47–55. https://doi org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-47-55 [in Kazakh]
2. Zhumatova G., Baizhumanova N., Chausova T. Bulling zhane kiberbulling – alermettik-pedagogikalyq problema retinde [Bulling and cyberbullying – as a socio-pedagogical problem] // Abai atyndagy QazUPU-nin Habarshysy, «Aleumettik zhane saiasi gylymdar» seriasy. – 2023. – №2 (82). – B. 5-13. https://doi.org/10.51889/2959-6270.2023.82.2.001 [in Kazakh]
3. Gredler G.R. Olweus D. (1993). Bullying at school: What we know and what we can do. – Malden, MA: Blackwell Publishing, 1993. – 140 p.: book review // Psychology in the Schools. – 2003. – T. 40. – №6. – P. 699-700. https://doi.org/10.1002/pits.10114
4. Rigby K. New perspectives on bullying. – London; Philadelphia, PA: Jessica Kingsley Publishers, 2002. – 320 p.
5. Smith P. K. et al. An investigation into cyberbullying, its forms, awareness and impact, and the relationship between age and gender in cyberbullying // Research Brief No. RBX03-06. London: DfES. – 2006.
6. Boulton M.J., Smith P.K. Bully/victim problems in middle-school children: Stability, self-perceived competence, peer perceptions and peer acceptance // British journal of developmental psychology. – 1994. – T. 12, №3. – P. 315-329.
7. Crick N.R., Grotpeter J.K. Relational aggression, gender, and social-psychological adjustment // Child development. – 1995. – T. 66, №3. – P. 710-722.
8. Hinduja S., Patchin J.W. Cyberbullying: An exploratory analysis of factors related to offending and victimization // Deviant behavior. – 2008. – T. 29, №2. – P. 129-156.
9. Swearer S.M. et al. What can be done about school bullying? Linking research to educational practice // Educational researcher. – 2010. – T. 39, №1. – P. 38-47.
10. Jimerson S.R., Swearer S.M., Espelage D.L. International scholarship advances science and practice addressing bullying in schools // In: Handbook of bullying in schools. – Routledge, 2009. – P. 1-6.

Frequency and Forms of Bullying Interactions Among Adolescents

Abstract. This article analyzes the prevalence and types of bullying among adolescents, focusing on socio-pedagogical approaches to prevention. The adapted version of Dan Olweus's Revised Olweus Bully/Victim Questionnaire (OBVQ-R) was used in the study, and data were collected based on responses from school students aged 13–17. The survey results identified the frequency, types, and forms of bullying, as well as participants' roles and their attitudes toward bullying. A descriptive and comparative analysis of adolescent bullying interactions was conducted. The data were processed through classification and evaluation methods and presented in tables and charts, and interpreted using quantitative indicators. The findings revealed that verbal and social bullying were most prevalent, and that cyberbullying frequently occurred via social media and messaging apps. Bullying primarily took place inside classrooms and during breaks, especially in areas with limited adult supervision. The study concludes that a multilevel, comprehensive approach – focusing on effective collaboration between schools, parents, and students – is essential for effective prevention. The article ends with socio-pedagogical recommendations based on the survey results.

Keywords: adolescents, bullying, communication, frequency, forms, prevention.

Частота и формы буллинга среди подростков

Аннотация. В статье рассматриваются распространенность и основные формы буллинга среди подростков, а также направления его социально-педагогической профилактики. В исследовании применялась адаптированная версия анкеты Д. Ольвеуса «Revised Olweus Bully/Victim Questionnaire»

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

(OBVQ-R), с помощью которого были получены данные анкетирования школьников в возрасте от 13 до 17 лет. По результатам опроса были определены частота и основные формы давления и виды буллинга, проанализированы роли участников, а также отношение подростков к проявлениям буллинга. Проведен описательный и сравнительный анализ буллинговых взаимодействий подростков. Данные обработаны с использованием методов систематизации и экспертной оценки, обобщены и представлены в виде таблиц, диаграмм и интерпретированы количественными показателями. Выявлено преобладание вербального и социального буллинга, а также активное распространение кибербуллинга в мессенджерах и социальных сетях. Буллинг чаще всего фиксировался в помещении класса, преимущественно во время перемен, в пространствах, недостаточно контролируемых взрослыми. Сделан вывод о необходимости комплексного подхода к профилактике буллинга, предполагающего согласованное взаимодействие между педагогами, администрацией школы, родителями и учащимися. На основе результатов анкетирования разработаны рекомендации по социально-педагогической профилактике буллинга.

Ключевые слова: подростки, буллинг, взаимодействие, частота, формы, профилактика.

Авторлар туралы мәлімет

Мырзапейсова М. *– корреспондент-автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: mirza_17.08.83@mail.ru, Қазақстан, Астана қ.*

Атемова Қ.Т. *– педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: kalipa_atemova@mail.ru, Қазақстан, Астана қ.*

Мурзагулова М.Д. *– аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail:miraulan70@gmail.com, Қазақстан, Алматы қ.*

Information about the authors

Myrzapeissova M. *– The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: mirza_17.08.83@mail, Kazakhstan, Astana.*

Atemova K.T. *– Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: kalipa_atemova@mail.ru, Kazakhstan, Astana.*

Murzagulova M.D. *– Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: miraulan70@gmail.com, Kazakhstan, Almaty.*

Сведения об авторах

Мырзапеисова М. *– автор-корреспондент, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, e-mail: mirza_17.08.83@mail.ru, Казахстан, г. Астана.*

Атемова К.Т. *– доктор педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, e-mail: kalipa_atemova@mail.ru, Казахстан, г. Астана.*

Мурзагулова М.Д. *– старший преподаватель, Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, e-mail:miraulan70@gmail.com, Казахстан, г. Алматы.*